

Сейіт Қасқабасов

Әдебиет



Сейіт Қасқабасов

Едірме



Алматы
“Жібек жолы”
2008

ББК 82.3 (5 Каз)

Қ 44

Қазақстан Республикасының Білім және
ғылым министрлігі
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

Қасқабасов С.

Қ 44 Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. — Алматы: "Жібек жолы", 2008. — 504 б.

ISBN 9965-759-82-0

Кітапта белгілі фольклортанушы-ғалым, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың қазақ фольклоры мен әдебиет мәселелері туралы әр жылдары жазылған ең таңдаулы зерттеулері топтастырылған. Олар фольклорды зерттеумен шұғылданатын мамандар тарапынан үлкен сұранысқа ие болғандықтан және қазіргі таңда қолға оңай түсе қоймайтындықтан бір кітап түрінде жарияланып отыр.

Зерттеулер мен мақалалар жарыққа шыққан мезгіліне қарай орналастырылған және оқуға ыңғайлы болу үшін қазақ тілі мен орыс тілінде жазылғандары жеке-жеке берілген.

Кітап ұлттық фольклорымызды жинап, зерделеп жүрген оқымыстыларға, сондай-ақ халқымыздың рухани мәдениетін сүйетін, оның тарихын білгісі келетін қауымға арналады.

ББК 82.3 (5 Каз)

ISBN 9965-759-82-0

© Қасқабасов С.А., 2008

I
БӨЛІМ





ҚАЗАҚТЫҢ ҚИЯЛ-ҒАЖАЙЫП ЕРТЕГІЛЕРІНДЕГІ КӨНЕ ДӘУІРДІҢ ҚАЛДЫҚТАРЫ

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілері, жалпы басқа халықтардың ертегілеріндей, өте ерте заманда, таптық қауым тумаған кезде пайда болған. Ол осы күнгі түріне сәйкестеніп көркем жанр болған соң да сол өзін тудырған алғашқы қауымның іздерін және сол кездегі ауыз әдебиетінің, нұсқа-қалдықтарын сақтап қалған. Мәселен, қиял-ғажайып ертегілерінде алғашқы қауымға тән экзогамияның, ата аруағының, аналық (матриархалдық) дәуірдің, сондай-ақ, ерте замандағы адамды құрбандыққа шалу, жас балалар мен көрі кісілерді өлтіру сияқты әдет пен дәстүрлердің іздерін, қалдықтарын табуға болады.

Ал қазақтың қиял ертегілерінде осы көне заманның қандай қалдықтары бар және олар қалай сақталып қалған деген мәселе қазақ әдебиеттану ғылымында әлі шешім таба қойған жоқ.

Осы себепті шағын мақалада алғашқы қауымның тек идеологиялық жағы, яғни көне дәуірдегі сананың ерекшеліктері және олардың ертегідегі іздері туралы бірер сөз айтпақпыз.

Табиғаттың стихиялық күштерімен күресуде өзін әлсіз сезінген алғашқы қауымның адамы өзі туралы және өзін қоршаған табиғат туралы қиялды, қате пікірде болған. Табиғаттан, тіпті өзінен басқа нәрсенің бәрінен қорыққан адамдар әр қилы, алуан түрлі нанымдар туғызып, оған сенген.

Әрине, бұл күнге дейін алғашқы қауымдық діни нанымдардың шыққан дәуірі және сол нанымдардың қайсысы



бұрын, қайсысы кейін пайда болғандығы анық шешілмеген. Бұл мәселе жөнінде алғашқы қауымды зерттейтін тарихшылардың өздері де әр түрлі пікірлер айтуда.

Алғашқы қауымдық діни ұғымдар мен нанымдарды белгілі тарихшы М.О.Косвен мына түрде реттейді: анимизм, тотемизм, магия, табу, шаманизм, табиғатқа табыну, фетишизм, ата аруағына табыну, үй ошағына табыну т.б.

Осы аталғандардың қайсысы қазақ ертегілерінде жақсы сақталып қалған?

А н и м и з м (латынның "anima — жан" деген сөзінен шыққан). Бұл наным бойынша, алғашқы қауымның адамы бүкіл табиғаттың, табиғи құбылыстардың, тіпті әрбір заттың жаны бар деп сенген. Осының әсерінен оларда адамға тән өмір, қасиет бар деп сенген, яғни адам өзін табиғаттан бөлмеген.

Анимизм — көп халықтардың таңғажайып ертегілеріне тән ерекшелік. Қиял-ғажайып ертегілерінде адамды қоршаған нәрсенің бәрі жандандырылған: табиғат құбылысы, күн т.т. Осыған байланысты ертегілерде су патшасы, перілер, пері патшасы және т.б. сияқты кейіпкерлер пайда болады.

Анимистік санаға тән ерекшеліктер — табиғатты жандандыру және адам өмірін табиғатқа көшіру, — бірталай қазақ ертегілерінен де табылады. Мысалы, "Жүсіп мерген" [1], "Патша мен бүркіт" ертегілерінде теңіз астындағы су патшалығының өмірі суреттеледі: онда ел бар, олардың патшасы бар, тұрғындары жер үстіндегі адамша сөйлейді, тіпті кейіпкер су патшасының қызына үйленеді. Міне, теңіз астындағы өмір жер үстіндегі адам өмірімен бірдей, еш айырмашылығы жоқ.

Ал "Ақ жылан" [2], "Екі мерген" [3], "Ер Төстік" ертегілерінде жер астындағы жылан елі суреттеліп, оларда кәдімгі адамдар сияқты өмір сүреді.

Анимизмнің қалдықтарын қазақтың әр түрлі құбылышылық, сиқырлы құбылмашылық кездесетін ертегілерінен табуға болады. Басқа сөзбен айтқанда, кейіпкердің образында дуалистік ерекшелік кездеседі: образ кәдімгі адам түрінде, сонымен қатар мифологиялық түрде көрінеді.



Мұндай образ қазақтың “Шұбар жылан” [4], “Жылан қабықты жігіт” ертегілерінде кездеседі. Кейіпкер алдымен жылан бейнесінде көрінеді де, кейіннен адам қалпына түседі.

Образдың мұндай дуалистік түрде кездесуі — алғашқы қауым адамының барлық аңдар мен құстар сиқырланып қойғанына, олардың сиқырын шешсе, адам қалпына келетіндігіне анимистік тұрғыдан сенушілігінің салдары. Осыған орай, жоғарыда аталған және тағы басқа ертегілерде сүйген жарын жылан кейпінде тапқан кейіпкер өзінің төзімділігімен, табандылығымен оның сиқырын ашып, адам қалпына келтіреді.

Анимистік түсініктің іздері қазақ ертегілеріндегі кейбір мифологиялық кейіпкерлерде де кездеседі. Мұндай кейіпкерде адамға да және басқа нәрсеге де тән ерекшелік болады, яғни бұл — антропоморфтық образ. Мысалы, “Ер Төстік” ертегісіндегі Самұрық құстың екі басы бар: біреуі — құстікі, ал енді біреуі — адамдікі, бұл адамша сөйлейді.

Ендігі айтарымыз т о т е м и з м туралы. Тотемизм Солтүстік Американың оджибве атты индеецтерінің “тотем — туыс” деген сөзінен шыққан. Бұл — бір немесе бірнеше ру елдің бір аңнан, өсімдіктен, заттан яки табиғи құбылыстан тарап, өсіп-өнгендігіне я болмаса туыстығына сенушілік. Тотем — туыс, көмекші, жақын дос. Тотемистік ұғым бойынша тотем өзінің туысына, яғни туыс адамына әрқашан көмек көрсетеді.

Қазақтың көп ертегілерінде кейіпкер аңдарды, құстарды немесе бір жәндікті өлімнен құтқарады, аяйды, кейде асырайды. Ал олар кейіпкерге жақын дос болып, көмекші болады, тіпті кейбіреуі — адам бейнесіне түсіп, әйелі болады. Бұл рольдерде көбінесе ақ жылан (“Жолаушы Мұрат” т.б. ӘӨИ ҚҚ, п. 124), бүркіт (“Жүсіп мерген” — ӘӨИ ҚҚ, п. 124; “Бүркіт туралы ертегі” — сонда, п. 121 т.б.), қасқыр (“Қамқоршы қасқыр” — ӘӨИ ҚҚ, п. 123; “Елеместің көргендері — сонда, п. 121; “Ақ қасқыр” ОҒК ҚҚ, п. 40, т.б.), Самұрық құс кездеседі. Сол сияқты көмекші рөлінде қазақтар күнделікті өмірінде араласып жүрген жануарлар



да кездеседі: қой жетімге көмектеседі ("Екі жетім"), түйе кейіпкерді аспанға алып ұшады ("Бекболат"), ат кейіпкерге ылғи ақыл береді ("Керқұла атты Кендебай").

Бұл аңдардың, жануарлар мен құстардың өздерін аяған немесе жаны ашып асыраған, күткен, баққан кейіпкерге көмектесуі кейініректе ертегіде басқаша, кейінгі заманғы ертегілердің ойымен түсіндіріледі: яғни жануарлардың көмегі — жақсылыққа жақсылық.

Ал шындап келгенде, көне дәуірде бұл жануарлардың көмегі басқаша, тотемистік тұрғыда түсінілген. Барлық дерлік халықтарда белгілі, бір тотемдік жан-жануарды өлтіруге, тіпті оның атын атауға рұқсат болмаған. Мысалы, Сібір халықтарында аю мен бүркіт қасиетті тотем деп есептелініп, оларға табынған, өлтіруге тыйым салынған [5]. Ал Қазақстанда ерте заманда ақ жылан [6] мен үкіні [7] өлтіруге рұқсат болмаған. Қазақтар (әсіресе қойшылар) тіпті осы күнге дейін қасқыр атын атамайды. Бұл — сол ертедегі тотемистік ұғымның ізі.

Міне, осы себепті ертегілерде әр түрлі жануарлар өлтірілмейді, кейіпкер оларға құрмет көрсетеді, ал олар, тотем жануар ретінде, кейіпкерге әрқашан көмектесіп отырады.

Көне дәуірлік сананың енді бір түрі — м а г и я (гректің — "сиқырлық" деген сөзінен шыққан). Бұл — сөздің кереметті күшіне сену, қандай да болса нәрсеге сөзбен әсер етуге болады деген түсінікке сену. Әрине, алғашқы қауымдағы магиялық салт пен замандар өтіп бізге келген ертегідегі салт дәлме-дәл сәйкес келмейді. Сөйтсе де қазақ ертегілеріндегі кейбір керемет заттар, сөз жоқ, көне дәуірдің магиялық ұғымымен байланысты. Ол — ауру адамды жазатын, өлі кісіні тірілетін неше түрлі сулар мен шөптер ("Ағасы мен қарындасы" // "Тургайская газета", 1898, № 24), иесінің айтқанын екі етпей орындайтын жүзік, орамал, ит тұмсығы өтпейтін орманға айналатын тарақ, тірі жан өте алмайтын үлкен дарияға айналатын айна [8] және тағы басқа заттар.

Көне магиялық түсініктегі заттардың керемет қасиеті



мен бізге келіп жеткен ертегідегі керемет заттардың қасиеті бірдей болды деу бір жақтылық болар еді. Олардың бірдей болуы мүмкін де емес, себебі магиямен байланысы ертеде-ақ үзілген қиял-ғажайып ертегілерде халық ешқандай магиялық ерекшелігі жоқ заттарға да керемет қасиет береді. Осы себепті арғы түп тегінен үзіліп жеткен ертегіде ішінен неше түрлі байлық, алтын-күміс заттар шығатын керемет сандық, өзі ұшатын кілем, ағаш ат ("Ұшар ханның баласы" // Қазақ ертегілері, I том), тағы тағылар кездеседі.

Қазақтың қиял-ғажайып ертегілерінде магияның бірнеше түрі кездеседі: емдеу, зияндау, ауыстыру, баламалау сияқтылар.

Айталық, емдеу магиясы көбінесе ауру адамды магиялық тәсілмен және сөзбен (мұсылманша: дұға) жазатын ертегілерде көп сақталған. Мұндай ертегілердің кейіпкерлері сиқырлы, қасиетті шөп пен судың немесе балгерлердің көмегін пайдаланады да, осының арқасында өлі адам тіріледі, ал ауру адам айығады ("Ағасы мен қарындасы" т.б.).

Зиянды магия, негізінде, кейіпкерлердің сиқырлықпен бір-біріне зияндық істеп, бірін-бірі әр түрлі жануарларға, болмаса жансыз заттарға айналдыратын ертегілер де кездеседі. Мұнда адам бір "сиқырланған" нәрсеге жақындап тиіп кетсе болды, жануарға айналып, адам кейінінен айырылады. Мысалы, "Ақбай", "Еділ батыр" сияқты ертегілерде сиқыршы әйел бір таяқшамен, яки қамшымен күйеуін ұрып қалса, ол итке, торғайға айналып кетеді. Сиқырлыққа үйренген күйеуі де осындай әдіспен әйелін басқа жануарлардың ұсқынына келтіреді.

Ертедегі дәстүрлі магияның бұл түрлері, жоғарыда айтылғандай бізге келіп жеткен ертегідегі магиямен бірдей емес, себебі бұрынғы магиялық, салт пен ертегі өзінің байланысын баяғыда үзген, бір-бірінен алшақтаған.

Ескі діни ұғымдардың бірі — т а б у (полинезияның сөзі). Бұл — бір нәрсеге, қимылға, сөзге тыйым салу. Осы тыйымды бұзушылардың міндетті түрде бақытсыздыққа ұшырайтындығына сенушілік.

Қазақтың көптеген таңғажайып ертегілерінде



кейіпкерлерге қандай да болсын әйтеуір бір тыйым салынады. Солардың арасында көп тарағаны — үйден шығуға тыйым. Бұл тыйымды бұзған адам көп қиямет шегеді: үйден шығуға салынған тыйымды бұзып, бақтың ішіне қыдыруға шыққан ханның қызын дәулер, болмаса басқа бір кереметтер алып қашып кетеді ("Қаратай", "Батыр қойшы", "Қарашаш сұлу мен Қаражан батыр" т.б.).

Ал мұндай тыйымдардың тарихи себебі әлі дамымаған, әлсіз адамның жан-жағындағы табиғаттың көрінбейтін дүлей құбылыстарынан қорқуында, табиғи зұлым күштер патша балаларына, олар арқылы бүкіл қауымға, руға зиян келтіреді деп ойлауында.

Бірақ бізге келіп жеткен ертегілерде бұл себептер сақталмаған. Хан қызының үйінен шықпауының себебін кейінгі заманғы ертекішілер өздерінше түсіндірген: ханның қызы асқан сұлу болғандықтан, әкесі оның бетіне не күн, не жел тигізбеу үшін, қызын үлкен сарайда ұстайды, ешкімге көрсетпейді, ал қызына далаға шығуға тыйым салады.

Әрине, ертегілерде тыйымдардың тағы да басқа түрлері кездеседі. Олардың да негізі санасы төмен адамның дүлей табиғаттың алдында туған қорқынышы. Мысалы, үйге жеткенше керемет жәшікті ашуға тыйым ("Патша мен бүркіт", "Қарақұлбай" т.б.) немесе сиқыршы әйелінің не күйеуінің сырын ашуға тыйым ("Ақ қасқыр" т.б.), міне бұлар да табиғат құбылыстарынан қорқудан туған діни ұғымның шығарған тыйымдары.

Ескі діни ұғымдардың қазақ арасында өте жақсы сақталып қалғандарының бірі — ш а м а н и з м н і ң қалдықтары. Қазақ ертегілерінен осы шамандыққа байланысты туған зиянды немесе зиянсыз керемет жындар тұратын бірнеше дүниелердің болатындығына сенушіліктің, жеке-леген, кейбір адамдардың қасиеті, өздеріне бағынатын жындары, адамдары болатындығына сенушіліктің іздерін табуға болады.

Матриархалдық дәуірде бүкіл руды басқаратын ақылшы, көсем әйелдер болды. Бұл әйелдер өз руының талас істерін шешетін, кәмелеттікке жеткен қыз балаларға руы-



ның салты мен дәстүрлерін үйрететін, ауырған балаларды емдейтін, яғни олар — әрі ру басы, әрі ақылшы, әрі шешен, әрі балгер, әрі ұстаз болатын. Осының әсерінен ру басындағы әйелдерге әр түрлі қасиеттер танылған. Тіпті олардың зиянды жын-шайтан, дүлей құбылыстармен күресетін белгісіз бір көмекшілері бар деп сенген, оларға табынған. Сөйтіп, шаман-әйелдер пайда болған [9].

Осы әйел-шаман образының өзгерілген түрі біздің қиялға жайып ертегілерімізде із қалдырған. Бұл — жалмауыз кемпірдің (кейде мыстан кемпір делінеді, бірақ екеуінің айырмашылығы бар. Ол туралы жеке сөз болады) образы. Жалмауыз кемпірдің алғашқы көне түрдегі образы, істеген істері, қызметі (функциясы) жаңағы ру басындағы шаман-әйелдің образымен сәйкес: кейбір ертегілерде жалмауыз кемпір бәрін істей біледі, оның қолынан келмейтіні жоқ: ауру, жарымжан адамдарды емдейді, өліні тірілтеді. Мысалы, бірталай ертегілерде жалмауыз кемпір ақсақ, соқыр, қолы жоқ кейіпкерлерді жұтады да, оларды сап-сау қылып қайтадан құсады ("Жеті басты жалмауыз кемпір", "Үш ағайын", "Кедейдің үш баласы", "Құланай жарқын" т.б.) кейіпкерлерге ақыл, кеңес беріп отырады ("Екі жетім", "Жүсіп мерген" т.б.).

Матриархат дәуірі патриархалдықпен ауысқанда, бұрынғы салт, дәстүр, әдет — бәрі жоққа шығарылады. Бекерді бекерге шығару заңы бойынша матриархалдық ру басылары да жоққа шығарылады: оларға жағымсыз қасиеттер, жағымсыз істер таңылады да, олар жағымсыз бейне боп көрсетіледі. Содан барып ертегідегі бұрынғы ру басы шаман-әйел енді жек көрінішті, жағымсыз жалмауыз кемпірге айналады. Бара-бара ол тіпті кісі етін жейтін боп көрсетіледі ("Алтын сақа", "Ер Төстік" ертегілерінде). Ал оның орнына еркек-шаман, еркек ру басы пайда болады.

Міне, қысқарта айтқанда, жалмауыз кемпір — тарихи болған матриархалдық ру басы шаман-әйелдің патриархалдық қауымның алғашқы кезіндегі мифологиялық сана мен мифологиялық ойлаудың ерекшелігімен өзгерілген, түрпайыланған бейнесі.



Біз жоғарыда патриархалдық дәуірде бұрынғы әйел ру басылары мен шамандардың орнын еркектер басады деп айттық. Осы патриархат дамыған кезде тек қана шамандықпен күн көретін профессионал-шамандар пайда болады. Олардың әлсіреген қалдықтары қазақ өмірінде осы ғасырға дейін сақталып келді. Бұлар – бақсылар, дуаналар, жауырыншылар, тәуіптер, құмалақшылар [10].

Кейбір ертегілерде осы профессионал-шамандар туралы көмескі куәлік қалған. Мысалы, “Оқыған бала”, “Ханның қойшысы”, “Балаға зар болған кісі” тағы сондай ертегілерде оқымысты жадыгер ұстаз бен сиқыршы оқушы туралы әңгіме етіледі. Бұл сиқыршылар сиқырдың неше алуан түрін біледі, бірақ сол білімін олар тек өздерінің балаларына ғана береді. Жаңағы ертегілерде ұстаздың қызы сиқырлықты әкесінен кем білмейді.

Бұл жерде біз баяғы заманда болған шамандық оқу-мектептің ізін көреміз. Шамандық мектеп, мәселен, эвенк халқында XX ғасырдың бас кезіне дейін сақталып қалған [11].

Шамандыққа байланысты қазақта кейіпкері жердің астына түсетін (“Ер Төстік”) немесе Самұрық құсқа, я бүркітке мініп, аспанға, күн астына көтерілетін (“Күн астында Күнекей қыз”) не болмаса айлар, жылдар жүріп, жолшыбай алуан түрлі айбынды жауларды жеңіп, қалыңдығына барып, ол елде қайын атасының қиын-қиын тапсырмаларын орындап, сүйген жарын алып қайтатын ертегілер (“Жылан қапты жігіт”, “Көк кептер” т.б.) көп-ақ.

Ертегі кейіпкерінің осы кезулері, жаулары, олармен күресі – осылардың бәрі шаманның (бақсының т.б.) жындары мен адамдарының бақсы ойнақ кезінде, ауру адамды емдегенде, сол аурудың зиянды жындары мен иелерін іздеп, жаңағы шамандық үш өмірді шарлайтынын, аурудың зиянды иелерімен күресетінін еске түсіреді.

Тағы бір көңіл аударарлық жай: ертегідегі кейіпкердің шаман дүниелерінің тұрақты иелері сияқты керемет жолдастары мен көмекшілері (Таусоғар, Көлжұтар, Желаяқ т.б.) бар, олардың бәрінің өздерінің тұрақты мекені болады. Олар



сол өз мекенінен шетке шықпайды, шығуға тыйым салынған, сондықтан олар өз жеріне келгенде кейіпкермен қоштасып қалып отырады.

Шамандық нанымның ішінде жеке, белгілі бір жерге табынуды, не ол жерден қорқуды көреміз және о дүниеде адамның өмір сүретініне сенушілікті көреміз. Сондықтан қазақ ертегілерінде бір жерге қонуға тыйым салынатын ("Ер Тәстікте") немесе қарызын төлегені үшін өлі адам кейіпкерге көмектесетін ("Әкесінің баласына өсиетінде") сарындардың ұшырасуы кездейсоқ емес.

Қазақ ертегілерінде, әрине, басқа да ескі діни ұғымдардың қалдықтары бар. Оларды әлі де ашып, жете зерттеу керек. Бір мақала көлемінде оны іске асыруға мүмкіндік жоқ.

Сонымен қысқаша шолудан мынадай заңдылықтарды көреміз:

а) қазақ ертегілері — көне тума, сол көне дәуірдің өзіндік идеологиялық айнасы;

б) оның кейбір мотивтері мен сюжеттері алғашқы қауым тұсында туып, сол заманның нұсқа, іздерін сақтап қалған;

в) ерте заманда туған мотив, сюжет және образдар әрбір тарихи дәуірге сәйкестеніп, өзгеріп отырған және әр заман өзінше жаңа сюжеттер туғызған;

г) қазақ ертегілері туған кезде, адамдар мифологиялық санада болып, мифологиялық (анимистік және магиялық) түрде ойлау қабілетінде болған; соның әсерінен алғашқы қауымда пайда болған көптеген мотивтер, образдар мен сюжеттер мифологиялық сарынға келтірілген.

Сілтемелер және ескертпелер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ) М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қоры (ӘӘИ ҚҚ). Папка 124.

2. Потанин. Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. — П., 1917. № 56.

3. ҚР БҒМ Орталық ғылыми кітапханасының қолжазба қоры (ОҒК ҚҚ). Папка 182.



4. Астраханский вестник, 1893. № 1288.
5. Штернберг Л.Я. Первобытная религия. — Л., 1936.
6. Толстов С.П. Религия народов Средней Азии // Религиозные верования народов СССР. 1931. 260-б.
7. Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. 1881. Вып. II. 4-б.
8. "Жалмауыз-кемпір" // Миропиев М. Демонологические рассказы киргизов. — П., 1888; "Шал мен кемпір" // Васильев А. Образцы киргизской народной словесности. 1898. Вып. 1.
9. Анисимов А.Ф. Религия эвенков. — М., 1958. 204-б.; Токарев С.А. Религия в истории народов мира. — М., 1965. - 192-б.; Золотарев А.М. Родовой строй и первобытная мифология, — М., 1964. т.б.
10. Валиханов Ч. Следы шаманства у киргизов // Валиханов Ч.Ч. Сочинения. Т.1. — Алма-Ата, 1961. - 469-494-б. т.б.
11. Анисимов А. Жоғарыда аталған еңбек. - 232-б.

1967